

# 1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ



...Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
**Жамбыл**

№ 48 (5832)  
1 желтоқсан,  
бейсенбі  
2016 жыл

## АТАМЕКЕН

**Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым**  
Газет 1932 жылдан шығады  
atameken1932@mail.ru



жақсылық, әрбір сәтті қадам Елбасы есімімен тікелей байланысты.

Жүз отыздан астам этнос өкілін біріктіретін Қазақстан халқы Ассамблеясын құру, Батыс пен Шығысты өркениетті қарым-қатынасқа тарту, Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Астана қаласын салу және елордамызда дүниежүзілік EXPO-2017 Халықаралық көрмесін өткізу және тағы басқа да көптеген толағай табыстарымыздың барлығы да игі істердің көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының толайым жемісі.

«Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» стратегиялары Тәуелсіздікті нығайтудың басты мақсаттары мен міндеттерінің нақты пайымын көрсетіп берді.

Мемлекет басшысының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы мен бес институттық реформаны іске асырудың 100 нақты қадамы – Ұлт жоспарында белгіленген мақсаттар қазақстандықтардың бірігуі мен топтасуының қуатты факторы болып табылады.

Бүгінгі Қазақстан терең әлеуметтік-экономикалық жаңғыру, интеграциялану мен жаһандану үрдісін күн санап нығайта түсуде. Қазақстандық қоғамды жаңа индустриалдық-инновациялық жағдайлардағы өмірге дайындау, үдемелі экономикалық даму мен азаматтарды қоғамдық игіліктермен кеңінен қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты.

**Қадірлі қауым!**

Ақындар мен батырлар елі атанған – киелі Жамбыл ауданының тұрғындары!

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» деген қанатты сөзі бар. Бүгіндері Елбасыға тіреу болып, бастар іске демеу болып жүрген текті халықтың ұрпағы мына сіздерсіздер, қадірменді ағайын.

Қиын-қыстау кезеңдерде жұдырықтай жұмылудың үлгісін танытып, дархан пейілдің арқасында ұлт пен ұлыстың панасы болған кең жүректі халқына сенім артқан тұңғыш Президентіміз «Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын...» деп, даналықтың үлгісін паш етті. Елбасы сеніміне лайықты болып, әрдайым елдігіміз бен бірлігімізді көрсете білу сіздер мен бізге сын.

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтай отырып, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге табыс, елімізге тыныштық пен береке-бірлік тілеймін! Елбасымыз – ғұмырлы, тәуелсіздігіміз – тұғырлы болсын ағайын!

**Жандарбек ДАЛАБАЕВ,**  
Жамбыл ауданының әкімі.

### Елтұтқа

**Алаштың айбынды даласы  
Азаттық нұрына шомылған.  
Атаның бір ғана баласы,  
Қазақтың бағына туылған.**

**Бұйдагер көшіміз жол алса,  
Ғұлама Ғұн еді бабамыз.  
Саф алтын илеген қамырша,  
Сақ едік, нұрланған санамыз.**

**Ойының кеңдігі жерге тең,  
Көңілдің кеңдігі көлге тең.**

**Көкжалдар көзіндей қорғаған,  
Бабадан аманат бұл мекен.**

**Аманат арқалап тайсалмай,  
Өткерді сындарлы ғасырдан.  
Тұра ма ерлігі ой салмай,  
Жаралған текті ғой асылдан.**

**Сенгенбіз далалық киеге,  
Бас иіп Ата Заң жүйеге.  
Еліме Елтұтқа сыйлаған,  
Мың алғыс Жаратқан иеге.**

**Көгедай ШӘМЕРХАН.**

міндеті Ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жүктелді.

Қиын-қыстау кезеңде қос құрлықтың арасындағы ұлан-байтақ кеңістіктегі бабадан қалған ұлан-ғайыр қонысқа ие болып, атадан қалған көк байрақты асқақтата ұстап, өз алдына ел болып, еңсе көтеру оңайға түспеді.

Ұлы Абылай хан дүниеден өтер сәтінде: «Елімді бейбіт өмірге жеткізе алмадым, халқым жер игілігін көре алмады, қала, кент сала алмады, елдің басын біріктіре алмадым» деп, орындалмаған үш арманын айтып кеткен екен. Ұлы Абылайдың осы армандарын Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш

Президенті, халқының асыл перзенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүзеге асырды.

Тәуелсіздік жылдарында егемендігін алған Қазақ елі Тұңғыш Президентінің басшылығымен қиындықтарды еңсеріп қана қоймай, макроэкономикалық тұрақтылық пен ұзақмерзімді стратегиялық міндеттерді сәтті шешуге арналған берік іргетасты қамтамасыз ететін жүйелі сипаттағы реформаларды жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы бүкіл әлемді мойындатқан іргелі мемлекетке айналып, көпғасырлық тарихындағы ең бақытты дәуренге қол жеткізді. Дамудың өркениетті жолына түскен ел өміріндегі барлық

**Қадірлі қауым!**

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Баршаңызды 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тұңғыш Президент күні – бұл тарихи таңдау күні, барлық қазақстандықтардың Ұлт көшбасшысының төңірегіне топтасу күні. 1991 жылдың 1-ші желтоқсанында Республика жұртшылығы тұңғыш рет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенті етіп сайлады.

Сол жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан өзінің ғасырлар бойы армандаған мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жеткізді. Осыдан 25 жыл бұрынғы тәуелсіздігіміз бастау алған тарихи кезеңге көз жіберсек, өте күрделі уақытты бастан өткізгенімізді көреміз.

Кенес Одағы таратылып, оның орнында пайда болған мемлекеттердің барлығы да ортақ дағдарысқа ұшырады. Қалыптасқан орталықтандырылған жүйе ыдырады, зауыт-фабрикалар күйреді, балабақшалар мен мектептер, спорт ғимараттары мен мәдениет орталықтары жабылды. Экономика күрделі жағдайға тап болып, халық күйзеліске ұшырады.

Жұрт бойында ертеңгі күнге деген сенімсіздік пайда болып, үрей биледі. Осындай бір қиын да күрделі кезеңде елдікті, егемендікті сақтап қалудың тарихи

# Ойлағаны – ел қамы



Сәлем ал үлкен-кіші, көз көргенім,  
Ыстықсың тұңғышымдай кез келгенім.  
Ауылда бесік жырман ауыздандым,  
Сол жыр ғой асылым деп өңгергенім.

Жүректі алаулатты, күмбірлетті,  
Тәуелсіз Қазақстаным, күдіретті.  
Елбасы алып шықты қыл көпірден,  
Бірлік пен ынтымаққа бұрдық бетті.

Еліміздің Тұңғыш Президенті дүниеге келген аядай мекен маған да қадірлі –  
Үшқоңыр ауылы. Елбасы бастан өткерген шежірелі жылдардың айтар сыры да, шертер жыры да көп. Ауылдас замандаспен байланыстыратын тарихтың ғажайып тұстарында ел көзіне іліккен елеулі еңбегіммен елу екі жыл үлес қосқаным риза-қошпын. Қаскелеңде Нұрекең тамамдаған Абай атындағы алтын ұя интернат-мектебімнен арманның ақ жалына, жарқын болашақ сапарына мен де аттандым, ұстаздықты таңдадым.

...Сіздермен бір бас қосқан

сол таң маған,

Әу баста мұғалімдік жол таңдаған.

Осылай жиын-тоймен, дүрмекпенен,  
Өмірім өтсе өтсін шолтаңдаған.

Бұл бір айтыста айтқаным екен.

Шыным, егделікке жеткізген, үлкенім, ақным дегізген әрбір күнім той болып өткен бақытты адаммын. Қоғамдық өмірге қызу араласып, делегат болып, депутат болып шапқылап жүрген шақтарымда Елбасымен жүзбе-жүз кездесудің ұмытылмас бірнеше сәті түсті.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып қызметке кіріскеннен кейінгі алғашқы көктемінде ақын, әнші, жазушы, еңбек озаты

дескен қыз-келіншектердің басын қосып, мейрамымызбен құттықтап, қилы да қиын тарихи кезеңдегі жауапкершілік жайында ой бөлісіп, сый-сияпатпен қайырғаны – ерміз деген отағамыздан да аз көретін жылылық еді көңілімізді асқақтатқан.

Және бір кездесіп, жүздескен сәтім – егемен қазақ елінің бір жылдығы аталатын жиынға шақырылғанда жырымды төгіп, құттықтағаным әлі есімде. Ол тұста (1989-1994 ж.ж.) Алматы облыстық Кеңесінің депутатымын, бірер өлең кітаптарының иесімін, айтыстағы жеңімпаз ақын атымыз мықтап орныққан кез. Жамбыл атамиз інісіндей көрген Қазақстанның халық ақыны Үмбетәліге арнайы музей ашылып, абыройым асқақтаған жылдарым еді.

«Жазмыштан – озмыш жоқ» деп халық тегін айтпаған. Жоғары білімді, күйеуге ұзатылған жиырма бір жасар қызым Қарлығаш аяқасты сал дертіне (паралич) душар болды. Германдық дәрігерлер емдемек болып, қол ұшын созды. Газет арқылы ел-жұртқа жүгіндім. Жағдайымды айтып, көмек сұраған жырларым басылды. Ең алдымен Нұрекеңнің бәйбішесі Сара ханым хабарласып, еліміздің қысылшаң кезінің өзінде көмек ұйымдастырды.

Ширек ғасыр қоларбаға таңылған сол Қарлығашым бұл күнде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, орыс тілінде жазатын ақын. «Поединок с судьбой» атты жаңа кітабы баспадан шықпақшы. Осы жылғы қарашаның 12-де кембағал тоғыз қыз қатысқан «Ұлы дала ханшайымы» атты байқауда көркімен де, өнерімен де көпшіліктің назарына түсті. Өз өлеңдерін нақышына келтіре оқып, көрерменнің алғысына бөленді. Екінші орынды иеленді. Қарлығашымның жүрегіне жыр ұялатқан Елбасының, азат Отанымыздың, қазақтың биік рухы ғой.

1996 жылы ұлы Жамбыл бабамыздың 150 жылдық мерей тойына Нұрекеңнің сыныптастары түгел шақырылды. Үй иесі, Жәкеңнің келіні болып қызмет еттім. Тойдан бір күн бұрын жеткен сыныптастар сол кездегі «Беріктас» шаруашылығының директоры, марқұм Мүсімхан Қисықов дайындаған ақшаңқан, әшекейлі киіз үйге түсті. Той керемет өтті. Батыс жақ алтын күннің қызыл шапағына боянған сәтте Нұрекең құрдастары бас қосқан отауға қызы Дариға мен Сара ханыммен ертіп келді. Домбыраны серік қып, құтты болсын жырымды шашу еттім. Құрдастар балалық шақтарын, қызықты сәттерін еске түсірді. Нұрекеңнің көңілі алаулап, жастық шағымен қайта қауышқандай, қайта түлегендей күй кешті. Домбырама қолын созып, Арқаның кең тынысты әнін шырқады. Еркін отырып, ән салып, жарасымды әзіл-қалжыңдар айтылды. Ескерткіш ретінде суретке түстік. Нұрекең ұстаған домбыра шаңырағымыздың ерекше жәдігері, төріміздің сәні, бабында тұр. Аңызға айналған кездесудің әсері күні бүгінгідей жадымда.

Еліміз көлемінде аталып өтілетін айтулы мерекелердің ешбірінен шет қалмай шақырыламын. 2010 жылы жетпіске толған шағымда Елбасының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алдым. Президент Нұрекең көкірегіме белгіні тағып, құттықтап болған соң: «Елге сәлем айт! Жұртыма сәлем де», – деді. Толқып кеттім. Сағынышым аңғардым. «Бір ауыз сөз айтсам бола ма?» – деп рұхсат сұрағанымда басын изеді. Мінберге көтеріліп, осы мана ғана Ақорда төрінде құраған «Дәуір ұлы» атты өлеңімді оқыдым.

Жер үстін түгел таңғалтқан,  
Қазағым, ардақ, мақтаным!  
Ел көшін түзеп, ағартқан  
Шашыңның сүйдім әр талын!

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы шаңырағымыздың ағасы, атасы, жанашыры, ақылшысы. Аз уақытта көп іс тындырған дана, дара басшымыз. Әлемдік көптеген қауымдастыққа мүшесіміз. Ай мен Күні жарқыраған ірі мемлекеттермен елшілік қатынаста болып, тереземіз тең елге айналды. Шетел қайраткерлері қатынап, қазақ халқының береке, нәсібін әлемге танытар сөз айтып жатыр.

...Шүкір-ау, ерекшеміз күллі жұрттан,  
Құралдық қыр гүліндей түрлі ұлттан.  
Кеудеге жаз орнатып, нұр жайлатып,  
Күн шықты масайратып күліп бұлттан.  
Егемен, ынтымақты, тату-тәтті,  
Халқымыз Елбасына сенім артты.

Ел қамын ойлаған ердің үміті де, сүйеніші де – ел-жұрты.

Амандық тілеуші –

**Надежда ЛУШНИКОВА,**  
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жамбыл ауданының құрметті азаматы.

Биыл

ел тәуелсіздігіне 25

жыл толды. Осы аралықта қарыштап дамып, алға озған іргелі мемлекетіміздің жеткен жетістіктерінің барлығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі деп есептеймін. Осылайша ел Тәуелсіздігінің іргетасы берік қаланды. Қазақстандықтардың өмір сүру жағдайы қалыпты деңгейде жақсарып, сапасы артты.

## Ұрпақ бақыты үшін

Күш-қуаты берік, іргелі ірі мемлекетке айналдық. Экономикалық-саяси тұрғыдан өсіп-өніп, биік белестерге көтерілдік.

Мемлекет көшбасшысы ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның көп ұлтты халқының туысқандық, достық бірлігін сақтап, бізді кемел келешекке бастап келеді. Бүгінгі Қазақстанның қол жеткен жетістіктері тек Орталық Азия елдерін ғана емес, сондай-ақ әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің өзін таңғалдырып келеді. Халық өзінің Президентімен бірге көркейіп, гүлденіп, түрленген мемлекет ретінде әлем жұртшылығына танылды. Егемен елдің жастары болашақтың баспалдағын қалауда. Олар өздерінің творчестволық жеңістерімен Қазақстанды әлемдік аренаға шығарды. Сонымен бірге елім деген Елбасы ұлттар достығының басты дәнекері – ұлттар мен ұлыстарды тату-тәтті ұйыстыра білген ұлт мақтанышы, ұлы тұлға. Білікті саясаткер ретінде танымал болып, халық арасында позитивті де ашық патриотизмді қалыптастырып, елін жерін мақтан ететін іргесі мықты қоғамды қалыптастыра білді. Меніңше, қазіргі таңда мемлекет үшін басты келелі мәселерді шешетін Нұрсұлтан Назарбаевқа тең келетін саяси қайраткер жоқ. Қазіргі таңда білім пен ғылымға көптеп көңіл бөлінуде. Барлық ұлт өкілдерінің бейбіт өмір аясында, алаңсыз өмір сүріп, білім алуына, алаңсыз жұмыс істеуіне мол мүмкіндіктер қарастырылған.

Алғаш 1996 жылы «Родник» орыс этно-мәдени орталығы ашылған болатын. Содан бері біздің орталық ауданда өткен барлық мерекелік шараларға, байқауларға белсенді түрде қатысып келеді.

Елбасының өз халқына деген адалдығының арқасында Қазақстан Республикасы әлемдік мәртебе төрінен өзінің лайықты орнын алып үлгерді. Ұлы дала елінің ерен ұлы болуы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бақыты деп есептеймін. Барлық аудан халқын – 1 желтоқсан – тұңғыш Президент күнімен құттықтаймын. Мерекелеріңіз мерейлі, өскелең ұрпағымыз бақытты болсын деп тілеймін.

**Лариса ГАРТОК,**

**Абай атындағы гимназиясына қарасты орыс ұлттық этно-мәдени орталығының жетекшісі.**

## Ұлттар достығын сақтаған ұлы тұлға

**Жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізгі іргетасын қалаушы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барлық қазақстандықтар және халықаралық қоғамдастық мойындаған ғаламдық бастамаларды ілгері апарушы, отандастарымыздың құқықтары мен қазақстандықтарының қорғаушысы, елді кемел келешекке жетелейтін игі істердің қолдаушысы.**

Елбасының халық пен мемлекеттің игілігі үшін сіңірген еңбегі көп. Елімізде тарихи күн болып саналатын бұл мереке барша қазақстандықтардың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні. Өйткені өзінің мемлекеттік рәміздері бар тәуелсіз еліміздің уығын қадап, шаңырағын көтеріп, іргесін бекіткен Тұңғыш Президенттің халық алдында еңбегі зор.

Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп жанынан 1996

жылы құрылған ұйғыр-этно мәдени орталығы Жамбыл ауданының барлық мәдени-қоғамдық шараларына белсенді атсалысуда. Облыс, аудан көлемінде өткізіліп тұратын шараларда орталық өзінің көрермендерін жарқын ұлттық киімдерімен, мың бұралған бишілері, күміс үнді әншілері және ұлттық тағамдарымен тарта білді. Әрбір атаулы іс-шарада аудан әкімі мен мереке қонақтарын үлкен ілтипатпен қарсы алды.

Мектепті басқарып отырған басшы Салтанат Сұлбекова, мектеп ұжымымен бірге етене тығыз байланыста жүрген орталықтың белді мүшелері Максұт Назарова, Иминжан Турдиев, Рустам Раимов, Адалат Вагапова, Зейнап Гашимова, Гулнар Садировалардың жұмыстарын ерекше атап өтуге болады. Бұдан басқа орталықтың белді мүшелері

аз қамтылған немесе дарынды балаларға демеушілік көмектерін көрсетіп отырады.

Қиын-қыстау кезеңдерде жұдырықтай жұмылудың үлгісін танытып, дарқан пейілдің арқасында ұлт пен ұлыстың панасы болған кең жүректі халқымызға сенім артып, тұңғыш Президентіміздің «Ел көшін бастау маған сын, мені қостау елге сын...» деп, даналықтың үлгісін паш етті. Ендеше, сол елім деген ардақты ұлдың ерім дейтін еліне лайықты болуымыз керек.

Бүгінгі Президент күні мерекесімен ұйғыр этно-мәдени орталығының атынан құттықтап, баршаның отбасыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз! Елімізде тыныштық орнап, халықтың бірлігі мен ынтымағы арта берсін.

**Рашида САБИТОВА,**

**Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектеп жанындағы ұйғыр ұлттық этно-мәдени орталығының мүшесі.**

Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы игі бастаманы Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет 1992 жылы Қазақстан халықтарының І-ші форумында көтергені белгілі. Осынау жемісті саясатты жүзеге асыруда, яғни біртұтас ұлт қалыптастыруда 1995 жылдың 1-наурызында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясының үлкен ролі бар.

# БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ

Қазақстан халықтары Ассамблеясының басты ерекшелігі – оның конституциялық статусында екені анық. Тек Қазақстанда ғана Халық Ассамблеясын мемлекет басшысы басқарады. Басқа мемлекеттерде мұндай институттар халықтар ассамблеясы деп аталса, оның Қазақстандағы атауы – Халық Ассамблеясы. Өйткені қазақ жерінде тату-тәтті тұрмыс кешіп жатқан әр ұлт санына, этникалық және діни айырмасына қарамастан біртұтас Қазақстан халқының бір бөлшегі болып табылады.

Қазақстан Ассамблеясы әртүрлі этностардың мәдениетін сақтап, дамытуға көптеп көңіл бөлініп келеді. Бұл Ассамблеяның іргетасының қаланып, шаңырағының көтерілуі тікелей Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі деп білемін. Мемлекетімізде бейбіт өмір мен ел бірлігінің сақталғандығын зор мақтанышпен айта аламыз. Елін сүйген Елбасының саликалы саясатының арқасында өзара тығыз экономикалық байланыс орын алуда.

Биыл ел тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Осы аралықта еліміз Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен өзге де дамушы елдер қатарына қосылып, қарыштап алға озуда. Ұлттар достығына ұлы жол ашылды. Жыр алыбы Жамбыл ақын атындағы көп ұлтты ауданда әр ұлт өкідері тату-тәтті бір шаңырақ астында бақытты өмір сүріп келеміз. Бәріміз тең құқылы, бір атаның баласындай бір дастарханнан дәм татып, ортақ мақсат жолында еңбектенудеміз.

Бүгінгі таңда ауданымызда түрік, орыс, ұйғыр этно мәдени орталықтары бар. Кезінде түрік этно мәдени орталығына жетекшілік жасадым. Қазір бұл орталықты жалын жігерлі жас Рафик Гуняшев басқарады. Барлық мерекелік іс-шараларға қатысқан түрік ұлтының өкілдері Елбасының дана, дара саясатын қуаттап, қолдап келеді. Ұлан-ғайыр ұлы дала елінің еншісі бөлінбес бір мүшесі ретінде достық туын берік ұстаудамыз. Өйткені, бірлік бар жерде қуатты тірлік бар екенін жақсы білеміз.

Нұрсұлтан Әбішұлы ұлт көшбасшысы екендігін дәлелдеген бірден-бір ұлы тұлға. 2007 жылы Елбасының біздің ауданға, яғни Ұзынғашқа келген сапарында алдына шығып сөз сөйлеу бақыты маған бұйырған еді. Мен сонда ұлттар достығы мен Ассамблея туралы қазақша, орысша баяндама жасадым. Маған Президент Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің жүрекжарды ризашылығын білдірді. Ел ертеңін ойлаған кеменгер тұлғамен кездесу мен үшін зор қуаныш, мол бақыт болғаны белгілі. Айналып келгенде, туысқандық пен береке бірлік ұлттар арасындағы алтын көпірге Қазақстанның табанды тірегіне айналды. 1-ші желтоқсан – Президент күні ұлық мереке. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, елін кемелді келешекке бастаған Нұрсұлтан Әбішұлының алдағы жауапты қызметіне табыс тілеймін. Еліміз аман, заман тыныш болсын.

**Ансар ЭЮБОВ,**  
Қазақстанның Халықтық Ассамблея мүшесі, Жамбыл ауданының құрметті азаматы, «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Аудандық мәдениет үйінде 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты жиын өтті. Алдымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні орындалды. Мерекелік құттықтау кезегін алған аудан әкімі Жандарбек Далабаев ел тәуелсіздігінің



25 жылдық мерейлі мерекесін тілге тиек етіп, осы аралықта ауданымыздың күнімен құттықтап, Елбасының ел алдындағы ерен еңбегіне тоқталды.

## ■ Спорт

Жамбыл аудандық дене шынықтыру және сауықтыру спорт кешені қазіргі заман талабына сай салынған. Мұнда қазіргі уақытта Грек-рим күресі, еркін күрес, волейбол, Жарыстың ашылу салтанатында Жамбыл аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ермек Қартаңбаев пен аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт

# Жас палуандар белдесті



футбол, бокс, таеквондо, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ секциялары жұмыс істейді. Жаттықтырушылар – Мадияр Құрамысов, Еділ Төлегенов, Дәулет Нұрдәулет, Асан Қазыбек, Дамир Исаев, Қайрат Жанысов, тағы басқалар балғын спортшыларды өз салалары бойынша баптап, арнайы дәріс беруде. Бұл спорт кешенінде штат кестесі бойынша барлығы 25 адам саламатты өмір салтын қалыптастырумен қатар спорт түрлерін жандандыру бағытында еңбектенуде. Аталған спорт кешенінің меңгерушісі Самат Далабаевты қолынан іс келетін азамат ретінде аудан жұртшылығы жақсы таниды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай спорт кешенінде 2002-2007 жылы туған балғындар арасында грек-рим күресінен ауданаралық жарыс өтті. Бұл додаға Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ аудандарының жас палуандары қатысты.

мектебінің директоры Бақберген Қайырлыбаев тәуелсіздік жылдарындағы спорт түрлері бойынша жеткен жетістіктер туралы айтып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерлікке бергісіз ерен еңбегіне тоқталды. Балғын палуандарға сәттілік серік болып, жеңісті күндерің көп болсын деген ізгі тілектерін білдірді. Зейнеткер қария

Біләл Қонаев спортшы балаларға ақ батасын беріп, үлкендік ризашылығын білдірді. Қауырсын қанаттары қатайып, бұғанасы бекіген жас палуандар боз кілем төріне шығып күресті. Жеңгендер де, жеңілгендер де болды. Соған қарамастан балалардың күреске деген құлшынысы ерен. Кілемге шыққанда палуандар бірі-бірінен асып түскісі келеді. Айла-тәсіл мен қатар күрес техникасын тәп-тәуір меңгеріп алғаны байқалады. Олардың шыңдалып тәжірибе жинақтауында бапкерлерінің де үлесі зор екенін білеміз. Бір күнге созылған грек-рим күресінен өткен додалы жарыс аяқталып, жеңіс тұғырына көтерілген жеңімпаздар арнайы тағайындалған грамоталармен марапатталды. Бұл өткізілген алғашқы жарыс десек, алда тағы да дүбірлі жарыстың жалғасатынына сенімдіміз.

**Мұқағали ТҰРСЫНЖАНҰЛЫ.**

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ!

ТОО «АлматыЭнергоСбыт» публикует списки потребителей имеющих задолженность по электрической энергии, по взысканию которых вынесены решения судов:

| № п/п | ФИО потребителя               | Дата решения суда | Сумма долга |
|-------|-------------------------------|-------------------|-------------|
| 1     | Сериков Жаркын Жумашевич      | 21.12.2011        | 36 863,00   |
| 2     | Солтанбеков Бейбит Турсынович | 04.03.2013        | 14 007,00   |
| 3     | Рыскулов Бахтияр Есимбекович  | 04.07.2013        | 22 851,00   |
| 4     | Абдуалиев Бахыт Сапарович     | 15.08.2013        | 23 527,00   |
| 5     | Денякина Валентина Петровна   | 17.11.2014        | 10 826,00   |
| 6     | Омаров Кайрат Сейткаримович   | 10.02.2015        | 29 292,17   |
| 7     | Бурик Олег Владитмирович      | 16.06.2015        | 24 072,76   |
| 8     | Абжанов Ануар Куатұлы         | 04.12.2015        | 13 947,72   |

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с открытием наследственного дела после смерти гр.Нурмаганбетова Мажена Мансуровича, 01.07.1941 года рождения. Место рождения Алматинская область, умершего «04» июня 2016 года, возможных наследников просим обратиться к нотариусу Жамбылского района Алматинской области Сыдыковой Сагынтай Сагатбековне. Заявления от наследников и заинтересованных лиц принимаются нотариусом в срок до 04 декабря 2016 года включительно по адресу: Алматинская обл, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Толе би, д.50а. тел. 8-702-589-06-79

Мерекелік көңіл-күйге ортақтасқан. Бұдан соң аудан әкімі Жандарбек Ермеқұлы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құрметіне орай ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бір топ азаматтарды аудан әкімінің Құрмет грамотасымен қоса Алғыс хатпен марапаттады.

Бұдан соң Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық шағы мен өнегелі өмір жолы жайындағы «Ғұмыр дәрия» фильмі мерекеге жиналғандар назарына ұсынылды.

Мереке концерттік бағдарламаға ұласты. Күміс көмей әншілер Есбол Шаңбаев, Ғалия Әбдірәйімқызы, Мәди Жылқышыбаев, Самал Жұман, Жанел Қасенова құлақтан кіріп бойды алған әсем әндерімен тыңдарман жүрегін баурады.

«Сүйінбай сазы» ансамблі, «Өнер» мектебі мен «Жасұлан» оқушылар үйінің бишілері би билеп мереке шырайын ашты.

**Т.ТОҚТАСЫН.**

## Құттықтаймыз!..

Қайназар ауылының тұрғыны, қадірлі іні, ардақты бауырымыз **Қадірбек ҚАБЫЛБАЙ** 28 қарашада 36 жасқа толды. Мерейлі



қуанышымен құттықтап, деніне саулық, алдағы күндеріне жақсылық тілейміз. **Ортамызда бауыр боп жарасасын, Бір сен үшін туған күн жаңаша күн. Өмір жасың ұзақ боп бұл өмірде, Тойлай бер, мерей сәттің тамашасын. Ұзақ болсын әрдайым ғұмыр жасың, Желбіресін биікте туың да шын. Азамат болып танылдың ел жұртыңа, Отыз алтының Алатаудай**

**шыңыңдасың,** – деп құттықтаушылар: **әпкесі – Света, інісі – Дархан, қарындастары – Назгүл, Мадина.**

## ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады.

**Тел: 87078518758, 87474606295.**

## ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

\*\*\* Калиева Камар Аблаевнаның атындағы Ұзынағаш ауылы, Сәтбаев көшесі № 58 үй жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-045-109-1234, № 816845 (0,0800 га) мемлекеттік актісі, 16 мамыр 2007 жылы берілген сатып алу-сату жөніндегі реестрде тіркелген №7812 келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Джуматова Гульнар Едилбаевна-ның атындағы «Қарасу» ЖШС-нің жерінен кадастрлық нөмірі 03-045-128-545, № 949058 (20,5600 га) және басқа ортақ үлескерлердің атындағы мемлекеттік актісі мен 26 қараша 2014 жылғы жер телімін сатып алу-сату жөніндегі реестрде тіркелген № 9410 келісім шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Садыков Абыл Оспановичтың атындағы Еңбекшіарал ауылы, Школьная көшесі № 55 үй жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-045-124-765 № 933723 (0,1420 га) мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

# ЖЫР АРҚАУЫ – ЕЛБАСЫ

Жер деген қасиетті шар айналып,  
Қуаныш жүректерден тарайды анық.  
Президент күні есіктен күліп кірді,  
Көк туым Алатаудан арайланып.

## Президент күні

Уақыт жылжып ойдың безбенінен,  
Ақ өлең қуат берсе сөзге кілең.  
Жас ұрпақ жадырап жүр шын қуанып,  
Кемпіркосақ күлімдеп көздерінен.

Бүгін той, бүгін менің арда күнім,  
Сенде жүр ұлы тойға ардақ інім.  
Шабысына мәз болып қайтайықшы,  
Қазақтың бәйгедегі тарланының.

Шаттыққа бөлеп бүгін талай жанды,  
Отаным байтақ өлке арайланды.  
Егемен ұлы елімнің аспанынан,  
Күн де бүгін күлімдеп қарай қалды.

**Өмірбай ӨМІРЗАҚҰЛЫ.**



## Шуағы шапағаттай шашыраған

Мынау байтақ даланың тау-баурайын,  
Айдын шалқар көл, суын, ормандарын.  
Игілігін көрсін деп ардақты Алаш,  
Күндіз-түні ой кезіп армандадың.

Еліне еркіндік еді аңсағаның,  
Теңдік еді Ту ұстап жар салғаның.  
Бақ пен Қызыр қазаққа бұйырсын деп,  
Тау көтеріп, тер төктің, шаршамадың.

Тәуелсіздік еді ғой тілегенің,  
Ерлікпен тең білекті білегенің,  
Ата-баба аңсаған көрдік міне,  
Ұрпағыңның қырандай түлегенін.

Жарасып сан ұлтпенен, халықпенен,  
Елің өсіп келеді, шабытпенен.  
Нұр ағаның көрсеткен нұрлы жолы  
Бастайды елді баянды бағытпенен.

Шуағы шапағаттай шашыраған,  
Қиындықтан тайсалмай, жасымаған,  
Мәңгілік ел атанар қазақ әлі,  
Аман болса Нұрсұлтан асыл ағам.

Үшқоңырдың тас түлек мұзбалағы,  
Қырандары тек шыңда шындалады.  
Сен бастаған саясат салиқалы,  
Әлі-ақ ертең бар әлем үлгі алады.

Ширек ғасыр катаяды бұғанамыз,  
Жиырма бес жыл еркіндік, қуанамыз.  
Көсегесін көгертіп қазағымның,  
Алға апарсын Алашты, Нұр ағамыз!

**Әуелбек ЫСҚАҚОВ,**  
ақын, ұстаз.

## Айбыны елдің ұлы аға

**Жолдасхан ҚҰРАМЫСОВ.**

Нұраға тұлған дара, ісін ұлы,  
Мойындап жатыр ғалам әр күн мұны.  
Халықтың бақытына Тәңір сый қып,  
Өзіндей туған ана ақылдыны.

**Қайырмасы:**


Айбыны елдің ұлы аға,  
Елбасы бағым – Нұраға.  
Байрақты ата – мұраға,  
Адал ұл алғыр ғұлама.

Мәңгілік парасатқа жеткен аға,  
Елім деп қилы сапар шеккен аға.  
Атыңды Нұрсұлтан деп қойған екен,  
Ат қойған ардақты адам неткен дана.

**Қайырмасы:**

Серпіліп болашаққа жолдама алып,  
Көш түздік, көңіл шалқып, оттай жанып.  
Қазақтың күні шығып, айы туған,  
Әлемде бұл ақиқат болғаны анық.

**Қайырмасы:**



## Қоғамдық кеңесте

Жамбыл ауданының қоғамдық  
кеңесі 2016 жылғы желтоқсанның 14-дегі қоғамдық  
тыңдауда;

1. Аудандық жер қатынастары бөлімінің атқарылған жұмысы туралы;

2. Жамбыл ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы мәселе талқыланатынын хабарлайды.

Байланыс телефондары: 2-13-84, 2-07-79;

Өтетін орны: ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҒИМАРАТЫ  
Басталатын уақыты: сағат 10.00.

Патшаның тағы – Тәңірден,  
Мандайға өшпес бақ ілген.  
Халықтың болған қалауы –  
Шуакқа толсын жан, ірген.

Патшаның тағы – ұлы сын,  
Дәріптей білген ұлысын.  
Мойнында ұлы парыз бар,  
Таразыға өлшеп қыл ұшын.

## Көркейтіп қазақ даласын...

Жүрегі – елдің тілегі,  
Жанында еріп жүреді.  
Уақыттың сынақ әр сәті  
Арында өмір сүреді.

Кемеңгер әрі данышпан,  
Әлемдік іспен жарысқан.  
Алысты болжай алады,  
Хабар алғандай ғарыштан.

Патшаның тағы – күй бағы,  
Елімнің берік иманы.  
Көкірегі ояу қазақтың  
Етек пен жеңін жинады.

Патшаның бағы – өз елі,  
Бетбұрыстардың кезеңі.  
Толағай табыс оралған,  
Атадан мирас көзі еді.

Көркейтіп қазақ даласын,  
Жақсылық нұрын шашасың.  
Ырыспен туған Елбасы,  
Президент күні жасасын!

Патшаның тағы – Тәңірден,  
Мандайға өшпес бақ ілген.  
Халықтың болған қалауы –  
Шуакқа толсын жан, ірген!

**Гүлнәр ӨМІРЗАҚОВА,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.

## Халқы арқа сүйеген

Келе жатыр, Алып ойды еңсеріп,  
Сүйсінгеннен жан қарасы теңселіп,  
Салиқалы, бір қалыппен келеді ол,  
Ажары да, назары да көркейіп.

Халқы үшін жаны қалмай жүгіріп,  
Күндіз-түні жетелеген бір үміт.  
Халқыменен бірге тойын тойлауда,  
Өзгелерге көрсетпестен ірілік.

Күдіретті Аллаһ өзі сыйлаған,  
Жақсылықты өн бойына жинаған.  
Елбасымыз – азаттықтың киесі,  
Өзге жұртқа сыйлы адам.

Қарап тұрып мен экран бетінен,  
Жаратқаннан ғұмыр тілеп өтінем.  
Нұр атамның нұрлы жолы болмаса,  
Өтер ме едік өкпек желдің өтінен.

Қарапайым, қайырымды, жүректі,  
Алқалы жұрт жаудырады тілекті.  
Абыздардай толғағанда әр сөзін,  
Жылытады жұдырықтай жүректі.

Халқы арқа сүйеген сенімдісі,  
Келмейді биіктерден көрінгісі.  
Күн туса ел басына тұрмас қарап,  
Елін қорғап, келмейді шегінгісі.

Бабалар жүріп өткен жолмен жүрген,  
Дарқан көңіл қазақтың жанын білген.  
Қорған болып елі мен байтақ жерге,  
Ұлты үшін сынақтардың бәрін көрген.  
Жасай берсін, Елбасы!

**Әйгерім ДӘУІТБЕКҚЫЗЫ.**

• Құрылтайшы:  
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен”  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі.

Директор-бас редактор  
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Күәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі,  
164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың  
орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27,  
факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru

• Таралымы – 3582 дана. Тапсырыс – 48  
• Индекс – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.  
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.  
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.  
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.  
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.

Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».